

## Көшелерге атау беру туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті әкімінің 2017 жылғы 18 қыркүйектегі № 360 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қазанда № 5990 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және Облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 26 сәуірдегі №1 қорытындысына сәйкес Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің келесі көшелеріне:

- 1) №1 жаңа көшеге "Ағайынды Талқанбаевтар" есімі;
- 2) атауы жоқ көшеге "Қанағат Ерниязов" есімі;
- 3) атауы жоқ көшеге "Мағзаман әулие" есімі;
- 4) №2 кварталындағы атауы жоқ көшеге "Матығұлұлы Нұрбай би" есімі;
- 5) "Қазалы" шағын ауданындағы жаңа көшеге "Тұраш Сегізов" есімі;
- 6) №1 кварталындағы №1 жаңа көшеге "Теңел Жұмабаев" есімі;
- 7) "Қазалы" шағын ауданындағы жаңа көшеге "Рахмет Өтегенов" есімі;
- 8) "Жилдом райбольница" көшесіне "Махамбет Әуезов" есімі берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әйтеке би кенті әкімінің  
уақытша міндетін атқарушы*

*А. Абиев*